

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Алматы, 2021

БЕКІТІЛДІ

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ

Ғылыми Кеңесі отырысында

Хаттама № 4-2

« 27 » 01 2021 ж.

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ-ның Академиялық саясаты университетте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту: Академиялық саясаттың мазмұны университеттің жоғары алқалық органының шешіміне сәйкес және / немесе форс-мажорлы жағдайларға, төтенше жағдай режимі енгізілген кезеңде, төтенше жағдай, карантин және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін.

Мазмұны

1.	Терминдер мен анықтамалар	4
2.	Кіріспе	13
3.	Белгілер мен қысқартулар	15
4.	Академиялық адалдық саясатының сақталуы	16
5.	Университеттің білім беру бағдарламалары	16
6.	Оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру	18
7.	Қашықтықтан білім беру технологиясын (бұдан әрі -ҚБТ) қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру	18
8.	Форс-мажор жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру	19
9.	Білім алушыларды қабылдау	19
10.	Білім алушыларды оқу пәндері бойынша тіркеу	20
11.	Формалды және формалды емес оқыту негізінде академиялық кредиттерді қайта есептеу	21
12.	Ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру	21
13.	Кәсіптік практиканы ұйымдастыру	22
14.	Академиялық демалыс беру, қайта қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру рәсімдері	24
15.	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын іске асыру	26
16.	Дипломдық жұмыстарды/жобаларды, магистрлік диссертацияларды қорғау. Өзіндік үлгідегі дипломды тапсыру	27
17.	Түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі	28
18.	Эдвайзерлік	28
19.	ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмысы	28
20.	Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру	28

1. Терминдер мен анықтамалар

Академиялық ұтқырлық	білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып, өз ЖОО-да немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.
Академиялық еркіндік	білім алушылар мен оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатымен таңдау компоненттеріндегі пәндері мен оқытудың қосымша түрлері бойынша білімнің мазмұнын өздері анықтап және білім беру қызметін ұйымдастыру үшін білім беру үдерісі субъектілеріне берілетін өкілеттіктер жиынтығы.
Академиялық дәреже	қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже.
Академиялық күнтізбе	оқу жылы бойы демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.
Академиялық кредит	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі.
Академиялық демалыс	білім алушылар (студенттер, интерндер, магистранттар, тыңдаушылар, докторанттар) Қарулы Күштерде қызмет өткеруіне, жүктілігі мен босануы және 3 жасқа дейінгі баланы күтуге байланысты медициналық көрсеткіштер бойынша өз оқуын уақытша үзетін кезең.
Академиялық кезең	үш нысанның бірінде білім беру ұйымы өз бетінше белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.
Академиялық сағат	академиялық сағат - оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу үдерісінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде

Академиялық адалдық	пайдаланылады. жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау кезінде, емтихандағы жауаптарда, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы.
Апелляция	білімнің объективті бағаланғанына күмән болған жағдайда білім алушының бастамасы бойынша өткізілетін процедура.
Бакалавр	жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже.
Бакалавриат	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.
Білім алушының академиялық рейтингі	аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушылардың оқу бағдарламаларымен (немесе) модульдерді және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.
Белсенді үлестірмелі материалдар	тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеруге білім алушының уәждемесі үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі иллюстрациялық материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар).
Оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік әріптік жүйемен бағалау	халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.
ЖОО компоненті	білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.
Жоғары арнайы білім беру (мамандану)	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маман біліктілігін бере отырып, кемінде 300 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Екі дипломды білім беру	екі дипломды білім беру-қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу

Дескрипторлар (descriptors)	жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі. студенттердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы; дескрипторлар оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ кредиттерінің жалпы санына (сынақ бірліктеріне) негізделеді.
Дипломдық жұмыс	студенттің таңдалған мамандық саласындағы өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерінің жинақталуы болып табылатын бітіру жұмысы.
Дипломдық жоба	студенттің жобалау тәсілдерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді өз бетінше шешуі болып табылатын бітіру жұмысы.
Қашықтықтан білім беру технологиялары	білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-әрекеті кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту
Дифференциалды сынақ Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресеч пропозал) Докторантура	«Дене шынықтыру» пәнін меңгеру деңгейін бағалау және кәсіби практика бағдарламасын орындау түрі. докторант дайындаған және бірінші немесе екінші оқу жылы ішінде университет бекіткен, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиетке шолу мен зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтитын құжат.
Докторантура	білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игеріп, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
Философия докторы (PhD)	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және ҚР-да немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.
Қосымша білім беру бағдарламасы	білім алушыларға қосымша құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында анықталған пәндер және

(Міпог)	(немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.
Дуальді оқыту	кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын сынып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.
Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинақтау жүйесі (ECTS)	студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі.
Оқу пәніне жазылу	білім алушылардың оқу пәндеріне алдын ала жазылуы.
Жеке оқу жоспары	білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына дербес құрастырылған студенттің оқу жоспары.
Инклюзивті білім беру	ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін үдеріс.
Білім алушыларды қорытынды аттестаттау	тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін процедура.
Элективті пәндер каталогы	зерттеу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдер) және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (студенттердің алатын білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізбесі.
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы Құзыреттілік	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын жүйелеуді және кодтауды белгілейтін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын құжат. оқыту үдерісі кезінде алған білім, іскерлік және дағдыны кәсіптік қызметте практикалық тұрғыдан

Таңдау компоненті	қолдана білу қабілеті. жоғары оқу орны ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін есепке ала отырып кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдай алатын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) ең аз көлемінің тізбесі.
Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау Кредиттік ұтқырлық	жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру. білім алушыларды өзі оқитын ЖОО-да оқуын жалғастыру шеңберінде академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң студенттер оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады)
Кредиттік оқыту технологиясы	білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.
Магистр	магистратура кәсіби оқу бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже
Магистратура	кемінде 60-120 академиялық кредиттерді міндетті түрде игеріп, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.
Модуль	білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы және құзыреттілігі бағалау критерийлеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдалған, дербес, білім беру нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементі.
Модульдік оқыту	білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модуль бойынша құру негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі.
Ұлттық біліктілік шеңбері Ресми емес білім беру	еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы. білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын, білім беру шарттары мен формаларын ескерусіз ұсынылатын және оқытудың нәтижелерін растайтын құжат берумен қатар жүретін білім беру түрі.
Білім беру	оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, білім

бағдарламасы	беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижесін бағалау критериилерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
Білім порталы	бұл жүйелік ұйымдастырылған, бір-бірімен байланысты ақпараттық ресурстар мен Интернет-қызметтер жиынтығы, әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараттарды қамтиды, ҚБТ арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді
Міндетті компонент	үлгілік оқу жоспарында белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі.
Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)	білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында анықталған білім беру бағдарламасы.
Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны.
Онлайн-платформа	таңдалған онлайн курстарын оқуға мүмкіндік беретін ашық онлайн білім берудің онлайн-платформасы.
Төңкеріле оқыту	материал іс жүзінде шоғырландырылады. Студенттер білімді видеолекция көру арқылы алады және өзін-өзі тексеру тест тапсырмаларын орындайды. Материалды өз бетінше оқығаннан кейін студенттер бетпе-бет сабақтарда дәрістердің мазмұнын талқылай алады, алған білімдерін практикада қолдана алады, оқытушымен кеңеседі.
Прокторинг	білім алушының білім беру бағдарламасын игеру кезінде көрсеткен білімі, білігі, дағдылары және қалыптасқан құндылықтар мен көзқарастардың бағалау арқылы расталған көлемі.
Сертификат	онлайн платформада студенттің оқу нәтижелерін және алынған академиялық кредиттер санын (сағат) бағалауды растайтын құжат. Сертификат оқыту туралы куәлік, расталған сертификат немесе ресми түрде берілген және онлайн-платформада оқыту фактісі мен нәтижесін растайтын басқа құжат болуы мүмкін. Сертификат тыңдаушыға кез-келген нысанда Университеттің атауы, студенттің тегі мен аты-жөні, курстың атауы және кредиттердің мөлшері көрсетілген электронды сертификатқа сілтеме беріледі, егер ол Ұлттық Ашық Білім

	Платформасының (бұдан әрі - ҰАБП) онлайн платформасының операторының қолымен және мөрімен расталады, егер оқыту ҰАБП сайтында өткізілген болса - moos.kz;
Пәннің сипаттамасы	пәннің мақсаттарын, міндеттерін және мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (3-8 сөйлемнен тұрады)
Салалық біліктілік шеңбері	салада танылатын біліктілік деңгейінің құрылымдық сипаттамасы
Оқытуды басқару жүйесі (LMS)	барлық оқыту іс-шараларын, соның ішінде электрондық оқытуды, виртуалды кабинеттерді және онлайн-курстарды жоспарлау, жеткізу және басқару үшін жоғары деңгейлі, стратегиялық шешім.
Студенттерді тіркеу және қызмет көрсету орталығы	білім алушының оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингісін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.
Пререквизиттер	оқылатын пәнді және (немесе) модульді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер және
Постреквизиттер	(немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері пәнді және (немесе) модульді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер және (немесе) модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері
Кәсіптік бағдар	білім алушыға білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер, кәсіптік қызығушылықтарға, жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мамандық пен оқу орнын еркін және саналы таңдауда оның құқықтарын іске асыруда ақпарат беру және консультациялық көмек көрсету.
Кәсіби практика	болашақ кәсіби қызметімен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімді, іскерлікті бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттілікті иемденуге және дамытуға бағытталған оқу іс-әрекетінің түрі
Цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі ЦБР)	бұл интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнеклиптер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық объектілері және интерактивті модельдеу, дыбыстық жазбалар және басқа сандық оқу материалдары.

Кәсіби стандарт	кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.
Білім алушыларды аралық аттестаттау	білім алушылардың оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ оларды зерделеу аяқталғаннан кейін кәсіптік модульдердің бөлігін немесе барлық көлемін меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде өткізілетін процедура.
Оқу жұмыс бағдарламасы (silabus)	оқылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптарын және оларды зерттеу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.
Оқу жұмыс жоспары	мамандық бойынша үлгілік оқу жоспары мен студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде білім беру ұйымы дербес әзірлейтін оқу құжаты.
Аралық бақылау	білім алушылардың оқу жетістіктерін бір оқу пәнінің бөлімі (модуль) аяқталған соң бақылау.
Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)	студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.
Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БӨӨЖ)	оқытушының басшылығымен жүргізілетін, ЖОО немесе оқытушының өзі анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін білім алушының жұмысы; білім алушылардың санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен студенттің өзіндік жұмысы, оқытушының басшылығымен магистранттың өзіндік жұмысы және оқытушының басшылығымен докторанттың өзіндік жұмысы болып бөлінеді.
Бірлескен білім беру бағдарламасы	екі және одан да көп жоғары оқу орындарымен бірлесіп әзірленген және жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы.
Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)	білім алушының таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшенген бағасы (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды баға балдарының сандық эквивалентіне берілген оқу кезеңіндегі осы жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына

	қатынасы).
Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау	академиялық кезең ішінде, оқытушы өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру.
Үлгілік оқу бағдарламасы	оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын, білім беру бағдарламасының міндетті компоненттегі пәнінің оқу құжаты
Транскрипт	кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізімінен тұратын құжат.
Тьютор	нақты пәнді және (немесе) модульді игеруде студенттің академиялық кеңесшісі қызметін атқаратын оқытушы
Білім алушылардың оқу жетістіктері	білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, біліктілігі, дағдылары мен құзыреттілігі.
Эдвайзер куратор/ тәлімгер	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.
Элективті пәндер	белгіленген кредит шеңберінде жоғары оқу орны компоненті мен таңдау бойынша компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізіп, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын оқу пәндері.
Аралас оқыту форматы (ағылш. "Blended Learning")	бұл арнайы ақпараттық технологияларды қолданатын электронды оқыту элементтерімен аудиториялық оқытудың дәстүрлі формаларының үйлесімі.

2. Кіріспе

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – ҚазҰлтҚызПУ, университет) 04.08.2020 жылғы білім беру қызметімен айналысуға берілген №KZ75LAA00018542 мемлекеттік лицензия негізінде бакалавр, магистратура мен докторантураға арналған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды жүзеге асырады.

Университеттің миссиясына сәйкес енгізілген білім беру бағдарламалары білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру мәселелерін шешуге, іргелі білімі бар, белсенді, жаңа формациядағы маман дайындауға бағытталған, еңбек нарығы мен технологиялардың өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті, қазіргі заманғы талаптар мен әлемдік стандарттар бойынша мамандар даярлау деңгейін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламаларының негізгі тұтынушылары - мемлекет, студенттер мен білім сапасына белгілі бір талаптар қоятын жұмыс берушілер.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті-болашақ мұғалімдерді, өнер, қызмет көрсету, экономика және бизнес саласындағы кәсіби кадрларды даярлаудың төрт сатылы моделі (колледж-бакалавриат-магистратура-PhD докторантура) бойынша дайындайтын кредиттік оқыту технологиясына негізделген прогрессивті, белсенді дамып келе жатқан жоғары оқу орны.

Білім беру 6 факультетте 49 бакалавриат, 27 магистратура және 14 PhD докторантура бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

2018 жылы Университет аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - АРТА) институционалдық аккредиттеуінен сәтті өтті. 56 білім беру бағдарламасы аккредиттелген (46 - АРТА (IAAR) және 10 - ACQUIN неміс агенттігі). Оның ішінде 32 бакалавриат бағдарламасы, 21 - магистратура және 3 - PhD докторантура бағдарламалары (жүзеге асырылатын бағдарламалардың жалпы санының 80%) 5 жыл мерзімге аккредиттелген.

2019 жылы Университет Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында АРТА өткізген «Топ-20» рейтингінің ондығына кірді (7-орын) (<http://www.iaar.kz/ru/rejting/rejting-vuzov-2019/respublika-kazakhstan>), «Мамандарды дайындау бағыттары бойынша университеттердің институционалдық рейтингі» бойынша - үздік үштікке кірді (<http://www.iaar.kz/1.pdf>).

Әлемдік университеттердің академиялық рейтингінде-Еуропалық стандартта (ARES-2017) ҚазҰлтҚызПУ Қазақстанның 95 ЖОО арасында 33-ші орын алады.

Миссиясы: үздік әлемдік тәжірибелер негізінде көшбасшы қыздарды даярлау арқылы адами капиталдың қалыптасуына үлес қосу.

Бағдары: университет білім мен ғылымдағы бастамаларды табысты жүзеге асыруға ықпал ететін бірегей және беделді ғылыми білім беру орталығы.

Құндылықтар: кәсібилік пен академиялық адалдық, ашықтық пен көшбасшылық, толеранттылық пен патриотизм, қоғам мен мемлекет алдында есеп беру.

Стратегиялық мақсаты: инновациялық идеяларды жүзеге асырушы интеллектуалды көшбасшыларды даярлау

Университеттің негізгі міндеті - жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау және қазіргі заманғы ғылым жетістіктері мен инновациялық педагогикалық тәжірибені біріктіру негізінде университеттің білім беру кеңістігін дамытуды қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған міндет университетке білім беру үдерісінің субъектілеріне ғылыми зерттеулер мен білім беру саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлеу үшін қатысуға мүмкіндік беретін аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейдегі беделді ғылыми білім беру орталығына айналуға мүмкіндік береді.

Университет барлық студенттерге тең мүмкіндіктер беруге кепілдік береді және ерекше білімге мұқтаж студенттерді нәсіліне, ұлтына, этносына, дініне, жынысына, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы, отбасылық жағдайы, физикалық ерекшеліктері, жасы немесе басқа субъективті критерийлер бойынша кемсітуге жол бермейді.

Университет білім беру бағдарламаларын жаңарту және оқытудың заманауи жолдарын енгізу арқылы түлектердің дайындық сапасына ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қанағаттануына қол жеткізеді.

Бұл Академиялық саясатта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне және ішкі актілерге сәйкес ҚазҰлтҚызПУ оқу үдерісін ұйымдастыру мен тиімді жүзеге асырудың негізгі талаптары бар.

Академиялық саясат студенттерге, оқытушылар құрамына, білім беру үдерісін ұйымдастыратын әкімшілік және басқарушы персоналға арналған.

Саясат академиялық адалдық, сапаның ішкі кепілдігі, инновация және интернационализация ұстанымдарына негізделген.

Академиялық саясатты әзірлеудегі негізгі нормативтік құжаттар:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (ағымдағы кезеңдегі өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы (05.06.2020 ж. №231 өзгерістермен);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (08.06.2020 ж. Өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (қосымша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.06.2020 №230 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысымен бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері (ҚР Үкіметінің 08.06.2020 №362 қаулысымен қағидаларға өзгерістер енгізілді);

- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;

- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011.04.20. №152 бұйрығы. (Қағида редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

3. Белгілер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

БП	- базалық пәндер
ЖООК	- ЖОО компоненті
ЖОО	- жоғары оқу орны
МЖМББС	- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
АКЖД	- академиялық мәселелер жөніндегі департамент
ҰБТ	- Ұлттық бірыңғай тестілеу
ЖОЖ	- жеке оқу жоспары
ҚБ (Final Examination)	- қорытынды бақылау
ТП	- таңдау пәні
Кредит (Credit Hour)	- тыңдаушының/оқытушының оқу жұмысы көлемінің өлшем бірлігі
КОТ	- кредиттік оқыту технологиясы
ҚБТ	- қашықтан білім беру технологиясы
ПЭК	- пәннің элективті каталогы
ЖАО	- жергілікті атқарушы органдар
ҚР БжҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҰТО	- Ұлттық тестілеу орталығы
БББ	- білім беру бағдарламасы
ЖБП	- жалпы білім беретін пәндер
ПОҚ	- профессор оқытушылар құрамы

КП	- кәсіби пәндер
АБ (I, II)	- аралық бақылау
GPA (Grade Point Average)	- үлгерімнің орташа балы
СБ	- студенттік бөлім
СӨЖ	- студенттің өзіндік жұмысы
СОӨЖ	- студенттің оқытушымен бірлескен өзіндік жұмысы
ҚОЖ	- қашықтықтан оқыту жүйесі
АБ	- ағымдық бақылау
ҒК	- ғылыми кеңес
ОТЖ	- оқу-тәрбие жұмысы
ҚОЖТО	- қашықтықтан оқыту және тестілеу орталығы

4. Академиялық адалдық саясатының сақталуы

Академиялық адалдық – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің білім беру үдерісі субъектілерінің ажырамас бөлігі. Білім беру үдерісінің барлық субъектілері академиялық адалдыққа қатысты «табанды/принципті» түрде әрекет етуге ұмтылуы керек, құқық бұзушылықтарға және академиялық адалдық танытпайтын көріністерге мүлдем төзбеушілік таныту керек.

Табандылық (принципшілдік) пен адалдық білім алушылардың, педагогикалық ұжымның және білім беру үдерісі субъектілерінің қызметінде, олардың қарым-қатынасы мен оқу нәтижелерінде көрініс табуы керек.

Академиялық адалдық саясаты білім беру субъектілерінің міндеттерінің құрамына кіреді, сонымен қатар оқу тәртібін бұзған жағдайдағы ретке келтіру/рәсім болып табылады.

Толық ақпарат алу үшін «Академиялық адалдық кодексін» қараңыз. Мына сілтеме бойынша табуға болады: (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

5. Университеттің білім беру бағдарламалары

БББ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық базасына сәйкес университет дербес әзірлейді. Дублин дескрипторларына негізделген ұлттық біліктілік шеңбері, салалық біліктілік шеңбері және кәсіби стандарттар негізінде әзірленеді. Барлық БББ оқу нәтижесіне бағытталған.

БББ тізімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Болон үдерісі мен академиялық ұтқырлық орталығының сайтындағы БББ реестрінде берілген (http://esuvo.platonus.kz/#/register/education_program).

Университеттің БББ қашықтықтан оқыту технологиясын қолданатын және қашықтықтан оқыту технологиясын қолданбайтын бағдарламалар болып бөлінеді. БББ әзірлеу және бекіту туралы толық ақпарат «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесінде» сипатталған (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

Университет ҚР Білім және ғылым министрлігінің үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес үш тілде (қазақ,

орыс, ағылшын) мамандар даярлауды көздейтін БББ-н тиімді енгізеді. БББ-да үш тілде білім беру шеңберінде ағылшын тіліндегі пәндер саны пәндердің жалпы санының 30%-ын құрайды, оқыту тілінде 50%, ал орыс тілінде (қазақ тілінде оқитын студенттер үшін және керісінше) - 20%. Білім алушы тілді меңгеру деңгейіне байланысты бір тілде (қазақ, орыс, ағылшын) немесе үш тілде оқытуды ескере отырып, білім беру бағдарламасын таңдай алады.

Университет үш тілді білім беру бағдарламалары бойынша оқытумен қатар, кадрларды даярлаудың жаратылыстану циклінде ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асырады. Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, білім беру бағдарламасын іске асыру кезеңінде университеттің кәсіпорындармен өзара әрекетін кеңейту, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандарды даярлау сапасын жақсарту үшін жағдай жасау, жеке БББ бакалавр дәрежесі дуалды білім беру элементтерімен жүзеге асырылады. Оқу үдерісіне дуалды оқыту элементтері енгізілді.

Университет қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша АҚШ-тың Миссисипи алқабының мемлекеттік университетімен, Польшаның Катовице қаласындағы Силезия университетімен, Томск политехникалық университетімен (Ресей Федерациясы) келісімшарттарға қол қойды.

Бакалавриат бағдарламаларын аяқтаудың негізгі көрсеткіші – студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қосқанда және оқу жылына 60 кредитті қосқанда, барлық оқу кезеңінде студенттің кемінде 240 академиялық кредитті игеруі.

Ғылыми-педагогикалық/бейіндік бағытта магистратура бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі көрсеткіші – білім алушының оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 120/90/60 академиялық кредитті игеруі, оқу жылына кемінде 60 кредит.

Докторанттардың оқу мерзімі барлық оқу кезеңінде 180 академиялық кредитті және оқу жылына 60 кредитті игеру кезеңімен анықталады және 3 жылды құрайды. Бұл ретте, докторанттың өтініші бойынша, егер студент бір академияға 60 кредиттен кем немесе одан да көп пәндерден және оқу әрекетінің басқа түрлерінен жеке оқу жоспарын құрса, оқу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға болады.

Докторантураны аяқтаудың негізгі көрсеткіші – білім алушының барлық оқу кезеңінде, оның ішінде докторанттың оқу әрекетінің барлық түрлерін қосқанда, кемінде 180 академиялық кредитті әзірлеуі.

6. Оқу үдерісін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Университеттегі оқу үдерісі бір оқу жылы ішінде университеттің ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбе (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>) негізінде жүзеге асырылады.

Оқытудың әртүрлі технологияларын қолдана отырып, білім беру қызметтерін көрсету үшін университеттің студенттері мен оқытушылары «UNIVER 2.0», MOODLe қашықтан оқыту жүйесін, сондай-ақ ZOOM, CiscoWebex және т.б. онлайн сабақтарын өткізуге арналған платформаларды қолданады.

Оқу жылы 15 аптаға созылатын академиялық кезеңдерден (семестрлерден), білімді аралық бақылаудан (емтихан сессиялары), қорытынды аттестаттаудан (бітіру курсы үшін), кәсіби практикадан, жазғы семестрден, демалыстардан тұрады.

Карантиндік шаралар кезінде университет аралас форматта (онлайн, офлайн және дәстүрлі) оқытуды жүзеге асырады. Оқытудың онлайн сабақтары нақты уақыттағы өзара әрекеттесу үдерісін қамтамасыз етеді: бейнеконференциялар (ZOOM, Google Hangouts, Cisco.webex, Google Classroom Microsoft Teams Skype, интернет арқылы хабар алмасу арқылы және т.б.). Оқытудың офлайн сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы байланыс асинхронды болатын білім беру өзара әрекеттесу үдерісін қамтамасыз етеді, яғни өзінің «UNIVER 2.0» платформасы, LMS Moodle және ішкі байланыс қызметтері, чаттар мен форумдар арқылы байланысады.

UNIVER 2.0 порталында және Moodle қашықтан оқыту жүйесінде әр пән бойынша академиялық пәннің ПОӘК орналастырылған. Студент оқу жоспарына, оқу материалдарына қол жеткізе алады, бағалау кітапшасын, күнтізбені және басқа материалдарды қарайды, оқытушымен хат алмасады, орындалған жұмыстарын тапсырады және т.б.

7. Қашықтықтан білім беру технологиясын (бұдан әрі - ҚБТ) қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру

Оқу үдерісі дәстүрлі форматта да, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы да жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту технологиялары ҚР БҒМ 2017 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына сәйкес "ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелеріне", 2020 жылғы 28.08. №374 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 374 болып тіркелген (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010768>), өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес сондай-ақ "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже" ішкі құжатына сәйкес (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>) қолданылады

ҚБТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ПОҚ мен білім алушылардан талап етіледі:

- интернет телекоммуникациялық желісіне шығатын жабдық;
- цифрлық білім беру ресурстары;
- ҚБТ бойынша өзара іс-қимылдың электрондық құралдары (форум, чат, бейне және аудио конференциялар);

ҚБТ бойынша білім алушы:

- оқу курстарын бейнеконференция құралдары арқылы және UNIVER 2.0, MOODLE жүйелері арқылы қашықтықтан оқиды;

- "on-line" және (немесе) "off-line" режиміндегі Қашықтықтан оқу сабақтарына қатысады;;

- ЖОО-ның Академиялық күнтізбесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерін (ағымдағы, аралық) тапсырады.

8. Форс-мажор жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру

Форс-мажор жағдайларға: табиғи апаттар, эпидемия, пандемия және т.б., адамның еркінен тыс жағдайлар жатады. Университет, форс-мажорлы жағдайларда UNIVER 2.0 жүйесінің басты бетіне (<https://univer.kazmkpu.kz/news/leader/1/>) оқу

үдерісін ұйымдастыру шарттарын барлық білім беру үдерісіне қатысушыларына (сабақ түрлері мен кестесі, ағымдағы, аралық, қорытынды аттестаттау және т.б.), сондай-ақ, басқа да мәселелер (әлеуметтік, тәрбиелік және т.б.) бойынша деректерді әзірлеп таныстырады, орналастырады.

9. Білім алушыларды қабылдау

Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері негізінде жүзеге асырылады (өзгерістермен және толықтырулармен) (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650>).

Сондай-ақ, университет ҚазҰлтҚызПУ бакалавриатына қабылдау ережелеріне және "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша қабылдау ережелерінде" көрсетілген қағидаларға сәйкес талапкерлерге қойылатын өз талаптарын әзірлейді (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

Университет білім алушыларды әлеуметтік, ұлттық немесе этникалық шығу тегіне, жынысына, жасына, мүгедектігіне (қарсы көрсетілімдері болмаған кезде), дініне, гендерлік сәйкестілігіне қарамастан қабылдайды.

Оқытудың барлық нысандарына білім алушылар қатарына қабылдау білім беру бағдарламалары бойынша және тілдік бөлімдеріне сәйкес (қазақ, орыс және ағылшын) жеке-жеке жүргізіледі.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсетін тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасасады.

10. Білім алушыларды оқу пәндері бойынша тіркеу

Университет оқытудың кредиттік технологиясын жүзеге асырады, ол студенттің оқу нәтижелеріне жетуге бағытталған оқытудың жеке білім беру траекториясын таңдау мен дербес жоспарлау негізінде жүзеге асады. Кредиттік оқыту технологиясына сәйкес әрбір студент академиялық пәндер мен оқытушыларға тіркеу процедурасынан (оқуға) және қайта тіркеуден өтуі тиіс.

Университетте 1 курс студенттеріне бейімделу апталығы өткізіледі. Бейімделу апталығында университеттің білім беру жүйесімен, пәндерді тіркеу процедурасымен жалпы танысу жүргізіледі, жоғары мектеп / институт басшыларымен, құрылымдық бөлімшелермен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі.

Студенттерді оқу пәндеріне тіркеу (Enrollment) академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің құрылымдары ұйымдастырады. Бұл ретте ұйымдастырушылық, әдістемелік және кеңес беру жұмыстарды жүргізу үшін кеңесшілер тағайындалады. ЖОЖ-ды тіркеу мен қалыптастыруды студент бөлім кеңесшісімен және эдвайзермен бірге жүргізеді (<https://univer.kazmkpu.kz>).

«Пәндерді тіркеу және ҚазҰлтқызпу студенттері үшін жеке оқу жоспарын қалыптастыру туралы ережеден» толық таныса алады. (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

Бағдар беру аптасында ағымдағы оқу жылында оқитын студенттер үшін ЖОЖ әзірленеді және бекітіледі.

Екінші курс студенттері академиялық күнтізбеге сәйкес эдвайзермен кеңескеннен кейін келесі оқу жылына арналған ЖОЖ қалыптастырады, оған жоғары мектептің деканы/институт директоры қол қояды және бекітеді, оны тіркеуші кеңсеге (ТК) тапсырады.

Жаңа оқу жылына арналған ЖОЖ-ға өзгерістерді студент ағымдағы оқу жылының 26 тамызына дейін енгізе алады. Бұл жағдайда өзгерістерді көрсете отырып, ТК-ге жазбаша өтініш беріледі.

ЖОЖ негізінде кафедра бір оқу жылына профессор-оқытушылық құрамының оқу жүктемесін қалыптастырады.

11. Формалды және формалды емес оқыту негізінде академиялық кредиттерді қайта есептеу

ҚазҰлтҚызПУ Болон процесінің «өмір бойы оқыту» принциптерін іске асыра отырып, формалды және формалды емес білім берудің оқу нәтижелерінің еңбек сыйымдылығын қайта есептеу процедурасын жүзеге асырады.

Формальды оқыту - алдын ала белгіленген бағдарламалар, оқу жоспарлары мен процедуралары бойынша жүргізілетін оқыту, оны аяқтағаннан кейін студент белгілі бір құқықтар жиынтығын алады. (<https://didacts.ru/termin/formalnoe-obuchenie.html>)

Формальды емес білім – белгілі бір деңгейдегі (кезең, цикл) біліктілікті берумен аяқталмайтын қосымша оқыту (www.mon.gov.ua/main.php?query=education/higher/bolon/8).

Формалды және формалды емес білімнің есебі ректордың бұйрығымен бекітілген комиссияның оқуға қайта қабылдау, ауыстыру кезеңінде жүргізіледі. Ауыстыру туралы толық ақпарат Университет сайтында «Формалды және формалды емес білім берудің оқу нәтижелерін тану туралы ережеде» сипатталған. (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

12. Ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібін ЖОО академиялық саясатқа және білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес оларды дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып айқындайды.

Білім алушылардың оқу жетістіктері (Оқыту нәтижелері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйе және дәстүрлі жүйе бойынша бағаларға (оң бағалар, кему шамасына қарай, "A"-дан "D" – ға дейін және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Ағымдағы бақылауға (АБ) және аралық бақылауға (АБ) қорытынды бағаның жалпы сомасының 60%-ы, қорытынды бақылауға (ҚБ) 40%-ы бөлінеді. Білім алушылардың ағымдағы бақылаудағы білімін ұйымдастыру мен өткізуді кафедра оқытушылары жүзеге асырады. Білім алушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарды, білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарын,

оқытушыларға дәрістік, практикалық және зертханалық сабақтарға қойылатын талаптарды қамтитын курс саясаты пәннің силлабусында көрсетілген. Білім алушылар силлабуста көрсетілген саясатты қатаң сақтауға міндетті.

Білім алушының АБ балдары "UNIVER 2.0" электрондық журналына қойылады.

Білім алушылардың денсаулығына байланысты сабақта болмаған жағдайда білім алушы қосымша уақыт алуға анықтама ұсыну қажет.

Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және академиялық кезең үшін пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (силлабус) материалдары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып табылады.

Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты/жобаны жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

13. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру

Университеттегі кәсіптік практиканың негізгі түрлері: оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алды, далалық, пленэр және т.б.

Кәсіптік практика БББ міндетті компоненті болып табылады. Өз мазмұнында игерілетін мамандықтың тұтас құрылымының негізгі компоненттерін біріктіре отырып, ұйымдардағы кәсіби практика бакалаврдың кәсіби дайындығының логикалық толықтығын қамтамасыз етеді.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны оқу үдерісінің кестесімен, БББ-да ЖОО компонентінің тізбесімен және кәсіптік практиканың бағдарламасымен айқындалады. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде кәсіптік практикадан теориялық оқытудан қол үзіп те, параллель де (теориялық оқытудан қол үзбей) өтуге жол беріледі.

Кәсіптік практика түрлерінің кафедралардың практикадан өту туралы әдістемелік ұсынымдарында көрсетілгендей оқыту нәтижелері мен кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған мақсаты, міндеттері, мазмұны, өткізу алгоритмі бар.

Практиканы өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларына мыналар жатады:

- тәжірибе базасын анықтау;
- белгіленген нысандар бойынша шарттар жасасу: кәсіптік практиканы өткізуге арналған Ұжымдық шарт (практика базасымен – ұйыммен); кәсіптік практиканы өткізуге арналған жеке шарт (практика базасымен – ұйыммен);
- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізу және "қауіпсіздік техникасы бойынша Журнал (практика түрлері бойынша)" журналына белгі қою;
- қажетті құжаттарды дайындау (кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есеп (практика түрлері бойынша), кәсіптік практикадан өту туралы күнделік-есеп (педагогикалық практика бойынша), практикадан өтудің күнтізбелік кестесі, білім алушыларды кәсіптік практикаға жіберу).

Ерекше жағдайларда (қалыптасқан форс-мажорлық жағдайларға байланысты, төтенше жағдай, карантин режимін енгізу кезеңінде және т.б.) кәсіптік практикадан өтуді ҚБТ қолдану арқылы өткізу мүмкін болады:

- ғылыми жетекші "UNIVER 2.0" жүйесіне есепті орындау және тапсыру мерзімдерін белгілей отырып, практикадан өту бойынша әдістемелік нұсқаулар мен техникалық тапсырмаларды жүктеуге міндетті;

- білім алушы "on-line" режимінде есептерді қорғау басталғанға дейін бір апта бұрын өз есебін "pdf" форматында кафедраның корпоративтік поштасына жіберуге немесе "UNIVER 2.0" жүйесіне енгізуге міндетті;

- кафедра меңгерушісі белгіленген кестеге сәйкес студенттердің есептерін қорғау бойынша ZOOM платформасында веб-конференция арқылы комиссия жұмысын ұйымдастырады.

Практика жетекшісі болып табылатын кафедра оқытушысы кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған 2-3 адамнан тұратын комиссия мүшелеріне (электрондық нысанда) білім алушының есептерін беру және корпоративтік поштасын уақытылы қадағалауға жауапты болады.

Егер есеп белгіленген талаптарға сәйкес келмесе және ескертулер болса, онда практика бойынша жауапты адам "UNIVER 2.0" жүйесінде білім алушының жеке кабинетіне хабарлама жазады.

"On-line" режимінде есептерді қорғаудан бір апта бұрын шығарушы кафедра "on-line" режимінде есептерді қорғауды өткізу кестесін жасайды. "On-line" режимінде есептерді қорғауды ұйымдастыру және өткізу кафедра меңгерушісіне және практика бойынша жауапты тұлғаға жүктеледі.

"On-line" режимінде қорғауға қосылу және шығу тәртібі кафедра меңгерушісі бекіткен есептерді қорғау кестесіне сәйкес (күні мен уақытын көрсете отырып) жүзеге асырылады.

"On-line" режиміндегі есептерді қорғау кестесі топтың чатындағы хабарлама немесе WhatsApp пен электрондық поштаға жіберу арқылы есептерді қорғау басталғанға дейін екі күн бұрын білім алушылардың назарына жеткізіледі.

"On-line" режимінде есептерді қорғауды ұйымдастыру және жүргізу үшін деректерді сақтай отырып, ZOOM платформасы, Webex сервис (балама нұсқаларды қолдануға жол беріледі) пайдаланылады. Комиссия отырысынан кейін "on-line" режимінде есепті қорғау нәтижелері бойынша бағалауды практика жөніндегі басшы "UNIVER 2.0" электрондық ведомосына енгізеді.

Болашақта дәстүрлі оқыту режиміне көшкеннен кейін студенттер практика жетекшісіне қағаз түрінде есеп беруі керек. Білім алушылардың қағаз тасымалдағыштағы есептерінің болуы үшін кафедра меңгерушісі жауапты болады.

ҚБТ пайдалана отырып, кәсіптік практикадан босатылған білім алушылар жұмыс орнынан берілген мінездеме бойынша бағаланады, онда кәсіптік қызмет көрсетіледі және бағалаудың белгіленген 100% балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша баға қойылады.

Кәсіптік практикадан өтпеген, тиісінше практика бағдарламасын орындамаған, есепті қорғау кезінде теріс пікір немесе қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар теориялық оқытумен қатар келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестр кезеңінде практикаға қайта жіберіледі.

ҚБТ жағдайында бағалау бейнеконференция, вебинар, скайп және т.б. құралдарын қолдана отырып, нақты уақыт режимінде жүргізілуі мүмкін.

"Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және практика базасы ретінде ұйымдарды анықтау туралы ережемен" келесі сілтеме арқылы толық танысуға болады. (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

Магистранттар мен докторанттардың практикасы ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілетін практиканың екі түрін қамтиды.

Зерттеу және өндірістік практиканың мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады.

"Магистранттар мен докторанттардың зерттеу (өндірістік) практикасы туралы Ереже" және "Магистранттар мен докторанттардың педагогикалық практикасы туралы Ережемен" берілген сілтеме арқылы толық танысуға болады. (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

14. Академиялық демалыс беру, қайта қабылдау, оқудан шығару, ауыстыру тәртібі

Білім алушыларды басқа жоғары оқу орындарынан университетке ауыстырудың негізгі шарты олардың осы жоғары оқу орнында оқуын жалғастыру мүмкіндігі болып табылады.

Білім алушыларды университетке тиісті оқу нысандары мен білім беру бағдарламаларына ауыстыру және қайта қабылдау "Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау туралы Ережеге" (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>) және ҚРБЖҒМ "Білім туралы" заңы мен ҚР Заңының нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушының жеке оқу жоспарына сәйкес меңгерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін аяқтауы ауысудың міндетті шарты болып табылады. Университет ішінде білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір оқу түрінен екіншісіне ауыстыру ережедегі талаптар бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады. Жұмыс оқу бағдарламасында пән айырмашылығы болған жағдайда, білімгер тиісті пәндерді ағымдағы топтармен бірге оқиды. Формалды және формалды емес оқыту бойынша оқыту нәтижелерін қайта есептеу туралы толық ақпарат сайтта "**Формалды және формалды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы ережеде**" көрсетілген (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

Ақылы оқу нысанынан білім беру грантына ауысу білім көрсеткіші жоғары білім алушыларға рұқсат етіледі және бос орындар болған жағдайда демалыс уақытында конкурстық негізде ҚР БЖҒМ нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Толығырақ «Қазақстан Республикасының Президенттік стипендиясын және босаған білім беру гранттарын тағайындау туралы» ережеде көрсетілген (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

Университетте білім алушыларды курстан курсқа көшіру курстың оқу жоспарын толық орындаған, белгіленген кредит көлемін игерген және GPA өту

балының қажетті межесін жинаған жағдайда ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Академиялық қарызы болған жағдайда, келесі оқу курсына ауыстырылған білім алушылар тиісті пәндерді тек ақылы негізде қайта оқуы тиіс. Жұмыс оқу жоспарының талаптарын орындамаған және белгіленген GPA өту балын жинамаған білім алушылар қайта оқу курсына қалдырылады.

Академиялық қарызын жою мақсатында қайта оқу немесе оқу пәндеріне қайта қатысу төмендегі құжаттар бар болған жағдайда бұйрықтың негізінде рәсімделеді:

- факультет деканының қолы қойылған білім алушының жеке өтініші;
- оқу ақысын төлегені туралы түбіртектің көшірмесі.

Толығырақ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу» туралы ережесінде көрсетілген (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

Білім алушы ЖОО-нан келесі себептер бойынша оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеуіне байланысты;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) ЖОО-ның ішкі тәртіп ережелерін және Жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;

5) өз еркімен;

6) сондай-ақ білім алушы ЖОО-дан шығарылады:

- академиялық демалыстан уақытында оралмағаны үшін;
- шетелдік іс-сапардан көрсетілген мерзімде оралмағаны үшін;
- оқу сабақтарына жүйелі түрде себепсіз қатыспағаны үшін;
- университеттен себепсіз қол үзген жағдайда (себепсіз сабаққа ұзақ уақыт қатыспаған);

Университет оқу мерзімі кезінде жоғары оқу орны басшылығының келісімінсіз Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткен студентті оқудан шығаруға құқылы.

Белгілі себептермен сабақтан қалған жағдайда, тиісті анықтамалар мен себепін растайтын құжаттарды өткізу талап етіледі: факультетке науқастанғаннан кейін 3 күн ішінде берілген медициналық көрсеткіштер, шетелдік іссапарға шығу, университет әкімшілігінің келісімімен республикалық деңгейдегі спорттық және басқа да іс-шараларға қатысуы туралы анықтамалар, сондай-ақ төтенше жағдайлар орын алған жағдайда оларды растайтын құжаттар болуы тиіс.

Университет білім алушылары медициналық анықтама бойынша, сондай-ақ ҚР Қарулы Күштері қатарына шақырту қағазы болған жағдайда академиялық демалыс алуға құқылы. Академиялық демалыс беру рәсімі ҚР Білім және ғылым министрлігінің тиісті нормативтеріне және ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Академиялық демалыстан оралған білім алушы оқу жұмыс жоспарындағы пән айырмашылықтарын жою үшін қажетті пәндерге тіркеледі және оларды ағымдағы топтармен бірге семестр ішінде немесе қосымша семестр шеңберінде пәнді қайта оқып, меңгереді.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларына және олардың мөлшерлеріне сәйкес білім

алушыларды қайта оқыту қорытындылары туралы ережелер ҚР БҒМ 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 "Білім алушыларға академиялық демалыс беру туралы ережеде" (05.08.2020 ж. толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) толығырақ көрсетілген (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

15. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын іске асыру

ҚазҰлтҚызПУ білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамытуға үнемі жағдай жасайды. Университетте академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету және жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері және жалпы ережелері Болон декларациясының негізгі қағидаларына сәйкес жасалынған.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына ҚазҰлтҚызПУ-дың 1,2,3,4 курс білім алушылары, сондай-ақ 1,2 курс магистранттары қатысу алады.

Академиялық ұтқырлық ҚР ЖОО-мен (ішкі академиялық ұтқырлық) және шетелдік ЖОО-мен (сыртқы академиялық ұтқырлық) жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ішкі академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қолжетімділігін, сапасын және тиімділігін арттыруға, университет түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тиімділігін арттыруға, университеттің білім беру кеңістігіне кірігуіне, Қазақстанның жетекші университеттерімен тығыз серіктестік байланыс орнатуға ықпал етеді.

Ішкі академиялық ұтқырлықтың нақты нысандары мен түрлерін іске асыру серіктес жоғары оқу орындарымен жеке келісімдермен, жоспарлар арқылы, ынтымақтастық туралы шарттармен және олардың қосымшаларымен реттеледі.

Әріптес ЖОО-ның ресми шақыруы негізінде білім алушылар жеке оқу жоспарын жасайды және кафедра меңгерушісімен келіседі. Білім алушылар қабылдаушы ЖОО-ның ережелеріне сәйкес қабылдаудың әкімшілік рәсімдерінен өтеді. Қабылдаушы ЖОО-да болған мерзім аяқталғаннан кейін білім алушылар университетке транскрипт тапсырады. Транскрипт негізінде білім алушыға университетте кредиттерді міндетті түрде қайта есептеу жүзеге асырылады.

Сыртқы академиялық ұтқырлық

Университеттің халықаралық қызметінің басым бағыттарының бірі – сыртқы академиялық ұтқырлық болып табылады. Сыртқы академиялық ұтқырлық студенттерге, магистранттарға және жас ғалымдарға қысқа мерзімді білім беру немесе ғылыми-зерттеу бағдарламасына қатысу арқылы шетелде білім алуды жалғастыруға немесе ғылыми тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Студенттер сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында бір семестр немесе академиялық жыл ішінде білім ала алады. Шетелдік университеттегі оқу нәтижелері университетті бағалау жүйесіне ауыстырылып, сынақтан өткізіліп, транскриптке енгізіледі.

Сыртқы академиялық ұтқырлық мынадай қаржыландырулар арқылы жүзеге асуы мүмкін:

- бюджет қаражаты, оның ішінде ұлттық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде бөлінетін;

- бюджеттен тыс қаражат;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қолдау мен дамыту қорларының, меценаттардың, қамқоршылық кеңестің қаражаты;
- қабылдаушы тараптың қаражаты, оның ішінде халықаралық ұйымдардың және жеке қорлардың (меценаттардың) гранттары;
- академиялық ұтқырлыққа қатысушылардың жеке қаражаты.

Толық ақпарат «ҚазҰлтҚызПУ-дың Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру» туралы ережесінде келтірілген (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

16. Дипломдық жұмыстарды/жобаларды, магистрлік диссертацияларды қорғау. Өзіндік үлгідегі дипломды тапсыру.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі өлшемі білім алушылардың бүкіл оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті, магистратурада барлық оқу кезеңінде 120/90/60 академиялық кредитті, докторантурада барлық оқу кезеңінде 180 кредитті меңгеруі болып табылады. Көрсетілген кредиттер білім алушылардың дипломдық жұмыстарды/жобаларды, магистрлік және докторлық диссертацияларды қорғауды қамтитын қорытынды аттестаттаудан өтуін қамтиды.

Жазу және қорғау процедурасы Университеттің **«Дипломдық жұмысты/жобаны әзірлеу және рәсімдеу ережелері» және «ҚазҰлтҚызПУ магистрлік диссертацияларды жазуға және қорғауға қойылатын талаптар» (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)** ішкі құжаттарымен реттеледі.

Әрбір бітіру жұмысы (дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация) плагиаттың болуына/болмауына тексеріледі. Тексеру рәсімі және пайдалануға рұқсат етуге қойылатын талаптар **«Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексеру туралы ережеде»** сипатталған (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>)

«Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңына сәйкес 2021 жылдың қаңтарынан бастап ЖОО өзіндік үлгідегі құжаттарды береді. Өзіндік үлгідегі дипломға қойылатын негізгі талаптар **«ҚазҰлтҚызПУ-нің өзіндік үлгісінің қалыптасуы туралы құжаттарды толтыруға қойылатын үлгілер мен талаптарда»** сипатталған (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

17. Түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі

Университеттің жұмысқа орналастыру және мансаптық өсу бағытындағы маңызды міндеттері:

- мамандарды даярлау үшін ұйымдармен жасалған шарттар мен келісімдер негізінде түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша жұмыс берушілермен өзара әрекетті қамтамасыз ету;
- мамандарды даярлау сапасын басқару жүйесінде университет пен жұмыс берушілер арасында кері байланыс орнатуға және кеңейтуге ықпал ету;

- университеттің кәсіпорындар және ұйымдармен, түлектер Қауымдастығымен түлектерді жұмысқа орналастыру саласындағы ынтымақтастық және серіктестік қатынастарды дамыту;

- жергілікті билік органдарымен, оның ішінде халықты жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің аумақтық органдарымен, еңбек нарығындағы жағдайды жақсартуға мүдделі қоғамдық ұйымдармен және бірлестіктермен өзара әрекет жасау;

Түлектерді жұмысқа орналастыру процесі «Түлектерді бөлу және жұмысқа орналастыру тәртібінде» сипатталған (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

18. Эдвайзерлік

Эдвайзер – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын орындайтын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеруге жәрдемдесетін оқытушы.

Эдвайзер білім алушыларға бір оқу жылына оқу траекториясын таңдауға ықпал етеді. Талаптар мен рәсімдер «Эдвайзерлер туралы» ережеде (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>) анықталған.

19. ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмысы

ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмысы университет ПОҚ функционалдық міндеттерінің міндетті компонентіне кіреді. Ол:

- ғылыми жобаларды, зерттеулерді және басқа да эксперименттік жұмыстарды басқару;

- зерттеу нәтижелерін жариялау және оқу үдерісі мен білім саласына енгізу;

- ҚР және шет елдердің ғылыми қоғамдастығында тәжірибе алмасу және т. б.

Толық ақпарат «ҚазҰлтҚызПУ ҒЗЖ өткізу» туралы ережесінде сипатталған (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).

20. Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру

«ҚР Білім туралы» Заңының 37-бабының 4-тармағына, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 5-қосымшасының 14-тармағына, сондай-ақ білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 73-тармағына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. (2015 жылғы 15 маусымдағы №391 ҚР БҒМ 05.06.2020 жылғы №231 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). Жыл сайын педагогикалық шеберлік орталығы ПОҚ-ның біліктілікті арттыру курстарынан өту мониторингін жүзеге асырады және оқытылатын пәндер бейініне сәйкес соңғы бес жыл ішінде кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтерді, білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру туралы мәліметтерді ұсынады.

Толық ақпаратпен «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру туралы» ережеден білуге болады (<https://univer.kazmkpu.kz/my/docs/>).